

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 372 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 желтоқсанда № 3905 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 171 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 02.05.2017 № 171 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Бәйдібек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Айтбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Б.Танагузов

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
16 қараша 2016 жылғы
№ 372 қаулысына 1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
	республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
3413	1651	1762

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
16 қараша 2016 жылғы
№ 372 қаулысына 2 қосымша

Жан басына шаққандағы қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
30381	14146

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
16 қараша 2016 жылғы
№ 372 қаулысына 3 қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығыны, 3 жасқа дейін, теңге (көп емес)	Күніне бір баланың тамағына шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін, теңге (көп емес)
	330,79	398,57

Ескертпе: 1 күнге бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК